



Бекітемін
«Қос-Қорған»
жалпы орта мектебінің директоры
М.Изатуллаева

« » 2022 жыл

Келісемін
Сауран АПБ-ның
бастығының м.а. полиция майоры
А.Сапарбеков

« » 2022 жыл

2022-2023 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары

№	Жоспарланған іс шаралар	Орындау мерзімі	Орындалуы туралы белгілер
1.	Токсандық жоспар түзіп бекіту	Ай сайын	1-10
2.	Жаяу өтпеден оқушыларды өткізуге арналған кезекшілік ұйымдастыру	Күнделікті	Күнделікті 1-30
3.	Кәмелетке толмағандар арасында қылмыстарды және құқықбұзушылықтарды ескерту және алдын алу жөніндегі өзге де ішкі істер бөлімшелерімен, мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау	Ай сайын	1-30
4.	Күнделікті кезекшілікке түскен мұғалімдердің сабақ үзілісі кезінде мектеп төңірегіндегі тәртіптің орындалуын бақылау	Ай сайын	Күнделікті 1-30
5.	Кәмелетке толмағандарды қылмыстық әрекетке немесе қоғамға қарсы іс-әрекет жасауға тартатын ата-аналарды немесе олардың орнындағы адамдарды, сондай-ақ басқа ересек адамдарды анықтау	Ай сайын	Күнделікті 5-15
6.	Кәмелетке толмағандардың құқықтарына, мүдделеріне және бостандықтарына қол сұғатын адамдарды анықтау	Ай сайын	Күнделікті 10-25
7.	Мобильдік топ мүшелерімен бірлесіп мөлтек аудандарға рейд жасау	Ай сайын	Күнделікті 1-30
8.	Мектептегі полиция инспекторы есепте тұрған оқушылардың білім беру ұйымдардағы тәртібі туралы ҚТДЖБ-гі аумақтық учаскелік полиция инспекторын ай сайын ақпараттандыру, қоғамдық тәртіп бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізу	Ай сайын	Күнделікті 1-30
9.	Жалпыға міндетті орта білім алудан қасақана бас тартатын оқушыларды оқу орындарына қайтару бойынша іс-шаралар өткізуде білім беру ұйымдарының әкімшілігіне көмек көрсету	Ай сайын	Күнделікті 1-30
10.	ҚР-ның заңнамасына сәйкес балаларды тәрбиелеу, ұстаз және оқыту үшін ата-аналардың немесе олардың орнындағы адамдардың жауапкершілігін арттыру	Ай сайын	Күнделікті 15-30
11.	Мектепшілік есепте тұрған оқушылар санын анықтау және есепте тұрған оқушылардың сынып жетекшілерінен жүргізілген жұмыстарының есебін алу	Ай сайын	Күнделікті 15-30
12.	Білім беру ұйымының оқушылар санын анықтау	Ай сайытоқсан	Күнделікті 1-10
13.	«Жас полиция» көмекшілерімен мектепшілік тәртіппен жұмыс жүргізу	Ай сайын	Күнделікті 1-30
14.	ҚТДЖБ-де есепте тұрған жасөспірімдермен профилактикалық жұмыс жүргізу	Ай сайын	Күнделікті 5-10
15.	Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психологімен мектеп аумағына орналасқан дәмхана, барлар мейрамхана компьютерлік клубтарды аралау	Ай сайын	Күнделікті 25-30
16.	Әлеуметтік жағдайы нашар отбасы, жетім және түл жетім	Тоқсан	5-25

	оқушы балалар тізімін анықтау		
17.	Сынып оқушыларымен әр түрлі тақырыптар бойынша әңгіме жүргізу	Тоқсан	10-31
18.	Мектеп оқушыларымен жалпы жиналыс өткізу, мектеп инспекторының қызметін оқушыларға түсіндіру	Тоқсан	10-20
19.	Есепте тұрған оқушылардың түрлі үйірмелерге қатысуын қадағалау	Тоқсан	15-30
20.	Тоқсан соңында атқарылған жұмыстар жайлы құзіретті органдарға есеп беру	Тоқсан	Ай сайын

Сауран ауданы Оранғай ауылокругінің инспекторы
қатардағы полиция :



А.Н.Бағдат.

«Қос-Қорған»
жалпы орта мектебінің
тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:



С.Жаппаров
Н.Асетова

Бекітемін
«Қос-Қорған»
жалпы орта мектебінің директоры
 М.Изатуллаева

Келісемін
Сауран АІБ-ның
бастығының м. а. полиция майоры
А.Сапарбеков.

« » _____ 2022 жыл

« » _____ 2022 жыл

2022-2023 оқу жылына І арналған тоқсандық жұмыс жоспары

№	Жоспарланған іс шаралар	Орындау мерзімі	Орындалуы туралы белгілер
1.	Әлеуметтік жағдайы нашар отбасы, жетім және тұл жетім оқушы балалар тізімін анықтау	Тоқсан	5-25
2.	Сынып оқушыларымен әр түрлі тақырыптар бойынша әңгіме жүргізу	Тоқсан	10-31
3.	Мектеп төңірегінде автокөліктермен келетін жасөспірімдер бойынша жол полициясына ақпараттар жолдау	Тоқсан	Күнделікті 25-30
4.	Мектеп оқушыларымен жалпы жиналыс өткізу, мектеп инспекторының қызметін оқушыларға түсіндіру	Тоқсан	10-20
5.	Есепте тұрған оқушылардың түрлі үйірмелерге қатысуын қадағалау	Тоқсан	15-30
6.	Сауран аудандық ІІБ-ның ғимаратына «Ашық есіктер» күніне саяхаттар өткізу	Тоқсан	15-30
7.	Мектеп қабырғасында өтетін әкімшілік және ата-аналар комитетінің жиналысына қатысу	Тоқсан	15-30
8.	Қиын өмірлік жағдайда қалған кәмелетке толмағандар әлеуметтік оңалтуда көмек көрсету	Демалыс уақытында	10-30
9.	Тоқсан соңында атқарылған жұмыстар жайлы күзіретті органдарға есеп беру	Тоқсан	Ай сайын

Сауран ауданы, Оранғай ауыл округінің участкелік инспекторы
қатардағы полиция :


А.Н.Бағдат.

Х.А.Яссауи атындағы
жалпы орта мектебінің
тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:



С.Жаппаров

Н.Асетова

«КЕЛІСЕМІН»

Сауран АІБ ЖҚП бастығы
полиция _____

«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры:


.....М.Изатуллаева
31.05.2022

Сауран аудандық ішкі істер бөлімі және «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінің оқушылары арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу үшін 2022-2023 оқу жылында атқарылатын іс-шаралар жоспары.

Мақсаты: Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің құқық бұзушылығының алдын алу

Міндеттері:

- Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының жүйесін құру;
- «Тәуекел топ» тізіміне жататын оқушыларды анықтау барысында олармен жұмыс түрлерін ұйымдастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу;
- Сәтсіз жаңуяларды анықтау барысында оларға кеңес беру, көмек көрсету;
- Кәмелеттік жасқа толмаған құқық бұзушылыққа бейім оқушылардың бос уақыттарын үнемді пайдалану мақсатында әртүрлі спорттық секцияларға қатысуына ықпал ету;
- Ата-аналарға бала тәрбиесінде әдістемелік көмек көрсету, кеңес беру.

Қ/с	Атқарылған іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нәтижесі
1.	2022-2023 оқу жылына арналған кәмелеттік жасқа толмаған оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін іс-шаралар жоспарын бекіту.	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Жаппаров, Н.Асетова	Жоспар
2.	Мектепте кәмелеттік жасқа толмаған оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі отырысын өткізуді ұйымдастыру.	Ай сайын	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары С.Жаппаров, Н.Асетова	Хаттама
3.	Кеңес отырысында сынып жетекшілердің, педагог-психолог пен тәлімгерің жүргізген жұмыстарының есебін тыңдау.	Ай сайын	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары С.Жаппаров,	Хаттама

			Н.Асетова	
4.	Кенес отырысына мектепте құқық бұзған білім алушылардың ата-аналарын шақыру, жұмыс жасау.	Дер кезінде	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары С.Жаппаров, Н.Асетова	Хаттама
5.	ҚР Үкіметінің 2012 жыл 12 наурыздағы №320 қаулысы негізінде 2021-2022 оқу жылында мектепте білім алатын кәмелеттік жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан балаларды мемлекеттік әлеуметтік көмекпен қамтамасыз ету.	Оқу жылы бойы	Әлеуметтік педагог А.Асетов	2022-2023 оқу жылы есебі бойынша оқушылар тізімі
6.	Кәмелеттік жасқа толмаған аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар мен сәтсіз жанұядан шыққан оқушылар тізімі мен мәліметтерін алу және олармен жұмыс жасау.	қыркүйек, Оқу жылы бойы	Әлеуметтік педагог А.Асетов	2021-2022 оқу жылы есебі бойынша оқушылар тізімі
7.	Кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдердің ЮПБ мен мектепшілік есепте тұрған оқушылардың әлеуметтік паспорттарын жинау. – сынып жетекшісінің мінездемесі – психологтің мінездемесі – тұрмыстық- хал ахуалы туралы акт – кәмелеттік жасқа толмаған жасөспірімдермен жүргізілетін жұмыс жоспары – психологтің жұмыс жоспары – жүргізілген жұмыс туралы есеп	Қыркүйек Кезінде	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары С.Жаппаров, Н.Асетова Әлеуметтік педагог Педагог-психолог Г. Даданов, Р.Алиханова	Әлеуметтік паспорт
8.	Сынып жетекшілер тарапынан жүргізілетін жұмысы – девианттық, «қауіпті топқа» жататын оқушыларды анықтау – жанұямен байланыс – оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау – құқықтық тәрбие жұмыстарын жүргізу (әңгіме, диспут, дөңгелек үстел, байқау, дәріс т.б.)	Оқу жылы бойы	Сынып жетекшілер	Есептер
9.	Оқушыларды мектеп ішілік есепке қою	Кезінде	Кенес мүшелері	Хаттама

10.	Әлеуметтік педагогтің кәмелеттік жасқа толмаған оқушылармен жүргізілетін жұмысы: – жоспар құру; – картотека арнау, мәліметтер жинау; – әлеуметтік-сәтсіз жанұямен жұмыс (көп балалы отбасы, аз қамтылған отбасы, девианттық, «қауіпті топ» тізіміндегі оқушылар)	Оқу жылы бойы	Әлеуметтік педагог А.Асетов	Есептер
11.	Мектеп педагог-психологінің кәмелеттік жасқа толмаған оқушылармен жүргізілетін жұмыс жоспары	Оқу жылы бойы	Педагог-психолог Г. Даданов, Р.Алиханова	Есептер
12.	Кәмелеттік жасқа толмағандардың арасында әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға мектепшілік спорттық секцияға қатысатын оқушылардың тізімі мен мектептен тыс үйірмелерге қатысатын оқушылар тізімін жасау.	қыркүйек	Сынып жетекшілер	2021-2022 оқу жылы есебі бойынша оқушылар тізімі
14.	Девианттық, «қауіпті топқа» жататын оқушылардың тізімін жасау, жұмыс түрлерін ұйымдастыру.	Оқу жылында	Педагог психолог Г.Даданов Р.Алиханова	2021-2022 оқу жылы есебі бойынша оқушылар тізімі
15.	Кәмелетті жасқа толмаған жетім балалар мен мүгедек балалар жанұясын аралап танысу.	Оқу жылы бойында	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары С.Жаппаров, Н.Асетова Әлеуметтік педагог Педагог-психолог Г. Даданов, Р.Алиханова Сынып жетекшілер	Акт толтыру
16.	Кәмелеттік жасқа толмаған оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау, мониторингін жасау	Ай сайын	ДТЖО	Есеп
17.	«Қауіпті топ» тізіміндегі оқушылармен жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша мектеп директоры алдындағы отырыста қарау.	Жылына 2 рет	Әлеуметтік педагог Педагог-психолог	Есеп Хаттама
18.	Кәмелеттік жасқа толмаған «Қауіпті топ» тізіміне кіретін оқушыларға тәлімгерлер бекіту.	Оқу жылында	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Жаппаров, Н.Асетова	Бұйрық
19.	Кәмелеттік жасқа толмаған оқушылардың ата-аналары-мен тығыз байланыста жұмыс жасау. Ата-аналар жиналысын өткізу.	Оқу жылы бойында	Директордың оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Есеп

			С.Жаппаров , Н.Асетова	
20	«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» /бөлек жоспар/	Қараша	Сынып жетекшілер	Фото Мәлімет
21	Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз, панасыз қалуының алдын алу барысында айлық іс-шаралар өткізу	Қазан Сәуір	Сынып жетекшілер	Фото мәлімет
22	«Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн» акциясы /бөлек жоспар/	Сәуір	Сынып жетекшілер	Фото,мәлімет
23	"Қауіпсіз интернет" апталық /бөлек жоспар/	Қаңтар	Сынып жетекшілер	Фото мәлімет
24	15 қараша - Темекі шегуден бас тартудың халықаралық күні «Жаман әдеттен сақтан жас дос»	Қараша	Тәлімгер	Фото мәлімет
25	«Есірткі және құқық бұзушылық» құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу	Желтоқсан	Тәлімгер	Фото мәлімет
26	Қорытынды есеп	мамыр	С.Жаппаров, Н.Асетова	Фото мәлімет



«Қос-Қорған» жалпы орта орта мектебіндегі 2022-2023 оқу жылындағы құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жылдық іс-шара жоспары

Атқарылатын жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі мүшелерінің отырысы. -2022-2023 оқу жылына құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесін құру, жоспарын түзу - Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар есебі - Мектепшілік қадағалауда тұрған оқушылармен жұмыс	Қыркүйек	Кеңес төрағасы Мүшелері
Құқық кеңесінің отырысы	Айына бір рет	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Басанов
«Ұл ұятымен, қыз қылығымен ардақты» тақырыбында өткізілген дөңгелек үстел	Қазан	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Ғ.Даданов, ұйымдастырушы 8-11 сынып жетекшілер
Сабакқа қатыспайтын оқушыларды анықтау. Оларға бақылау жасау	Үнемі	Кеңес мүшелері, Сынып жетекшілер
«Сабактан үнемі кешігетін оқушы» тақырыбымен сынып жетекшілер арасында коучинг	Желтоқсан	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Сынып жетекшілері
Құқықтық тәрбиені насихаттауда құқық бұрышын жасау	Қараша	Тарих пәнінің мұғалімдері
Мектептегі қиын, тәртібі нашар оқушылармен жұмыс.	Үнемі	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сынып жетекшілер
Құқық кеңесі мүшелерімен іскерлік ойын. «Оқушыларға құқықтық тәрбие беруде сіз өз міндетіңізді атқара алдыңыз ба?»	15-Мамыр	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары С.Жаппаров, Н.Асетова Педагог-психолог Г. Даданов, Р.Алиханова

«Қос-қорған» жалпы орта мектебі

Баяндама

Тақырыбы: Қазақстан

Республикасының Конституциясы.

Дайындаған: тәрбие ісі жөніндегі

орынбасары: С.Жаппаров

Конституция

1993 жылы 28 қантар тәуелсіз, егемен мемлекет Қазақстанның алғашқы Конституция қабылданды. Ол жаңа мемлекеттің құрылуы мен республика заңдарының қалыптасуында белгілі бір тарихи рөл атқарды. Алайда қоғамдағы терең өзгерістер жаңа Конституцияны қажет етті, ол 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. 1998 жылы 8 қазанда Президент ұсынысымен Парламент Конституцияға Парламенттің өкілеттілігін, қоғамдық өмірдің демократиялық негіздерін кеңейтетін жиырмаға жуық өзгертулер мен толықтырулар енгізді. Қазақстан Республикасының Конституциясы кіріспеден, 9 тараудан және 98 баптан тұрады. Конституция бойынша, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп есептейді. Мемлекеттің жоғары құндылығы ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары танылады. Қазақстан Республикасы президенттік басқару формасындағы унитарлық мемлекет. Конституция бойынша, халық мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылады және оны тікелей республикалық референдум, еркін сайлаулар арқылы, сондай-ақ, мемлекеттік органдарда өз өкілдерін ұсыну жолымен жүзеге асырады. Мемлекеттік билік Конституция мен заңдар негізінде, биліктің заң шығарушы, атарушы және сот билігі тармақтарына бөліну принципіне сәйкес жүзеге асырылады. Бұл тармақтар бір-біріне ықпал ете отырып, өзара байланысты болады. Конституция идеологиялық және саяси көп түрлілікті жариялай отырып, әр түрлі саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің құрылуына жол

ашады. Мемлекеттік және жеке меншіктің танылуы мен тең қорғалуының мәні зор. Жер, оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи қорлар мемлекеттік меншікте болады. Қазақ тілі- мемлекеттік тіл болып табылады. Мемлекет Қазақстан халықтары тілдерін үйрену мен дамытуға жағдай жасап, қамқорлық етеді. «Адам және азамат» таралуында азаматтық алу мен оны тоқтату , азаматтардың жеке, экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ , олардың міндеттері туралы нормалар жинақталған. Азаматтардың құқықтар мен бостандықтарын жүзеге асырудың материалдық , саяси және заңдық кепілдіктеріне және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді.

Үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші тараулар Президенттің , Парламенттің, Үкіметтің, Конституциялық кеңестің және соттардың мәртебесіне арналған. Прокуратураға ерекше бап бөлінген, ол заңдардың, Президент жарлықтарының, басқа да нормативті құқықтық актілердің дәл де бірыңғай қолданылуына жоғары бақылауды жүзеге асырады, сотта мемлекет мүддесіне өкілдік етеді. Жергілікті мемлекеттік басқаруға және өзін-өзі басқаруға ерекше тарау арналған. Жергілікті мемлекеттік басқаруға мәслихаттар- жергілікті өкілетті органдар және әкімшіліктер- жергілікті атқарушы органдар жатады. 2001 жылдың 24 қаңтарында «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» жаңа Заң қабылданды, онда мәслихаттар мен әкімшіліктердің құзыреттері, олардың қызмет тәртіптері бекітілді.

Қазақстан Республикасы Конституциясы жоғары заңдық күшке ие. Бұл барлық заңдар, Президент жарлықтары, Үкімет қаулылары, барлық мемлекеттік органдардың басқа да нормативті құқықтық актілері оның нормаларына негізделуі тиіс, оған қайшы келмеуі керек дегенді білдіреді. Конституция республиканың бүкіл территориясында тікелей әрекет етеді. Бұл азаматтар сотта және басқа органдарда, Конституцияны тиісті қағидаларын негізге ала отырып, өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауға құқылы дегенді білдіреді. Ал мемлекеттік органдар даулы мәселелерді шешкенде Конституция нормаларын қолдана алады. Қазақстанның халықаралық шарттары Конституцияға қайшы келмеуі тиіс.

Түркістан қалалық білім бөлімі
«Қос-қорған» жалпы орта мектебі

Б а я н д а м а

Тақырыбы: *Ата Заңым – қуатым!*

Дайындаған: А.Басанов

Қос-қорған

«Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшілік азаматтық қоғам деп ұғына отыра отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз».

(“ҚР Конституциясынан”)

Ата Заң – кез келген зайырлы мемлекеттің басты тірегі. Міне, Ата заңымыздың қанат қаққанына да он жеті жылдың жүзі болып отыр. Сан ғасыр күресіп, тәуелсіздікке қол жеткізген жас мемлекетіміз үшін бұл жылдардың орны ерекше бөлек. Ата Заңымыздың арқасында тәуелсіз Қазақ елін әлемге паш еттік. Тоқсаныншы жылдардың ішінде болған қиындықтарды ел болып еңсердік. Соның бастысы – Қазақстан көп өтпей, әлемнің түрлі қауымдастықтары оң баға берген мемлекеттердің қатарына еніп үлгерді. Әрине, Ата Заңымыздың дүние есігін екінші мәрте ашқан тұсы, аталарымыз ғасырлар бойы сарыла күткен тәуелсіздікке қол жеткізгенімізбен, алдымызда нарық экономикасының түрлі қиындықтары күтіп тұрған болатын. Бұған қоса айтылған керітартпа болжамдар да жас мемлекетіміздің ертеңгі күнін үмітсіз етуге тырысты. Конституцияның арқасында мұндай бос сәуегейлік пен нарыққа қатысты қиындықтар біртіндеп артта қалды.

Бүгінгі тұрақтылығы мен тыныштығының қаймағы бұзылмаған елдердің қатарында тұрмыс кешуіміз де он төрт жылдық тарихы бар Ата Заңымыздың арқасы. Осы Заңның негізінде қос палаталы Парламентіміз құрылып, Жоғарғы сот реформаланды, әділдіктің нышаны іспетті өзге де он өзгерістерге жол ашылды.

Адамзаттың арғы тарихына көз жүгіртсек, әділдікті найзаның ұшымен, қылыштың жүзімен орнатқан бірде-бір адам кездеспейді екен. Есесіне, ел болып қабылдаған заң аясында орнаған әділдік тарихтан ойып тұрып орын алады. Осыған байланысты айтылған тамаша нақыл бар: «Әлем күйрегенімен, әділеттілік жасасын» деген. Өткен ғасырлардағы Әз Тәукенің «Жеті жарғысы», «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы» атты заң нормалары болғанын заңгерлер ғана емес, бүкіл халық біледі десем артықтық етпейді. Беріде Қаз дауысты Қазбек би, Төле би, Әйтеке билердің халық арасындағы кара қылды қақ жарған әділдіктері – адам тағдырын шешіп, үкім шығаратын бүгінгі соттарға үлкен үлгі мен өнеге. «Туғанды биде иман жоқ, тура биде туған жоқ» деген аталы сөз де әділдіктің нышанын көрсетіп тұр.

Сондықтан, Заң ең алдымен елде әділеттілікті орнату үшін қажет. Демек, бүгін әділдік іздеген кез келген жан алдымен Заң баптарын терең білуі тиіс. Сонда ғана іздеген әділдігі алдынан өзі-ақ шығады.

Осы Заң туралы тарихты қазбалап көрсек. Қазан төңкерісінен бері 5 Ата Заң қабылданды. Оның үшеуі – 1924, 1937, 1978 жылдары қабылданды. Бұл кезде біздің Қазақ елі Кеңестер Одағының құрамында болғандықтан, тәуелсіздікке қатысты тараулар болған жоқ. Есесіне, 1991-1995 жылдардың ішінде тәуелсіз Қазақстанның екі Ата Заңы өмірдің есігін ашты. Міне, соның екіншісі – 1995 жылғы Ата Заңымызды бүкіл ел болып, халықтық референдум негізінде қабылдадық. Ата Заңымызды екінші мәрте қабылдаудағы мақсат – президенттік басқару нышанын жетілдіру, сот билігі жүйесін, мемлекеттік меншік жүйесін өзгерту болатын. Осылайша, бүкілхалықтық референдум негізінде қабылданған Ата Заң Қазақстан халқының күнделікті өміріне дендеп енді. Демек, XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың басында өмір сүрген ағылшын пәлсапашысы, заңгер Бентама Иереминнің: «Халық қабылдаған Конституция – ең үздік Конституция» дегені дәл біздің Ата Заңымызға қатысты деуге толық негіз бар. Осы Заңның баптары мен тараулары ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп келеді. Қазақстанды өзінің шаңырағы санайтын ұлттар мен ұлыстардың мамыражай күй кешіп, көңілдері қалаған істерімен айналысуына жағдай жасаған.

«Біздің Ата Заңымыз – Қазақстан халқының саналы түрде таңдауының жемісі. Халқымыздың осы таңдауын қадірлей білейік. Ата Заңмен өмір сүру – білімі мен тәжірибесін өмір бойы үйренетін демократияның жоғары мектебі», — деп айтты тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев. Елбасының осы сөзін Қазақ елінің әрбір азаматы өзінің бойтұмары етіп алғаны жөн.

Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы мағлұмат

Қазақстан Республикасының Конституциясы — Қазақстан мемлекетінің Ата (негізгі) заңы. 1995 ж. 30 тамызда Республикалық референдум өткізу (бүкіл халықтық дауыс беру) жолымен қабылданды. Конституцияны қабылдай отырып, Қазақстан халқы мемл. биліктің кайнар көзі — өзінің егемендік құқығын баянды етті. Ата заң қабылданған күн демалыс — мемл. мереке — ҚР Конституциясының күні деп жарияланды. Бұл жаңа Конституция Қазақстанның бесінші Ата заңы (1924, 1937, 1978, 1993, 1995). Оның құрылымы кіріспеден, 9 бөлімнен, 98 баптан, көптеген тармақтар мен тармақшалардан тұрады. Жаңа Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және ол ҚР-ның бүкіл аумағында тікелей қолданылады. Мұның өзі Конституциялық нормалар мен заңдардың басқа нормативтік құқықтық актілердің нормаларынан үстем екендігін көрсетеді. Кейінгі екі Конституцияның алдыңғы екеуінен елеулі айырмашылығы сол — бұлар тұңғыш рет мемл. тәуелсіздікті, егемендікті және Қазақстан халқының толық

билігін бекітіп, одан әрі орнықтырды. Жаңа Ата заңда құқықтық мемлекеттің қалыптастырылу бағыттары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, соның ішінде жеке адамның жан-жақты еркіндігі, идеол. және саяси әр алуандығы (сөз және шығарм. бостандығы, саяси партиялар мен бұқаралық партиялар, сондай-ақ бұқаралық қозғалыстар бірлестігін құру еркіндігі), халық билігін жүзеге асыратын демокр. амалдар, экон. қатынастардың қызмет етуі әлемдік талаптарға сәйкестендірілген. Оның нормалары тұрақты, жалпы мәнде ұзақ жылдарға бейімделіп тұжырымдалған.

ҚРК барлық заң салаларының негізі болып табылады, ал оның нормалары басқа заңдар үшін басты қағида болып есептеледі.

ҚРК-ның кіріспесінде Ата Заңды қабылдаудың себептері мен мақсаттары былай түсіндірілген: "Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүз. қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы тарихи жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз". Ата Заңның бұл бөлігі саяси және идеол. тұрғыдан алғанда аса маңызды. Өйткені, бұл Ата заң ҚР-нда демокр., зайырлы, құқықтық және әлеум. мемлекет құрудың конституциялық негізін қалады. Осыдан келіп, ҚР-ның мынадай негізгі мақсаты туындайды: өзінің ең қымбат қазынасы ретінде адамды және оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын айқындап, бекіту; өз елінде және мемлекеттер арасында азаматтық бейбітшілікті, ынтымақтастық пен тату қарым-қатынас жасау әдістерін орнықтыру; байырғы қазақ жерінде мемл. бірлікті сақтау; республиканың тәуелсіздігін сақтап, ұстап тұру; ҚР-ның демокр. негіздерінің мызғымастығын бекіту. Осыған орай республика қызметінің түбегейлі қағидалары айқындалады, олар: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экон. даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демокр. әдістермен, оның ішінде респ. референдумда немесе Парламенттік дауыс беру арқылы шешу (1-бап, 2-тармақ).

Ата Заңның негізгі бөлігінде (I — VIII бөлімдер) азаматтардың құқықтары, бостандықтары мен міндеттері туралы, конституциялық құрылыс жайлы, мемл. нысандар жөнінде, мемл. буындардың жүйесі мен мәртебесі туралы (Президент, Парламент, Үкімет; Конституциялық Кеңес, соттар, және сот төрелігі, жергілікті мемл. басқару және өзін-өзі басқару туралы) нормалар тұжырымдалған. Қорытынды және өтпелі ережелер мазмұндалған соңғы IX бөлімде Ата Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі, конституциялық заңдар мен өзге де заңдарды қабылдау рәсімі сөз болады. Ата Заң құрылымына жасалатын талдау оған негіз болған конституциялық идеялардың айқын көрінісін береді. "Жалпы ережелер" деп аталатын 1

«Қос-Қорған» жалпы орта мектеп К.М.М.

Бұйрық

№ 118

Қос-Қорған
ауылы

22.10.2021ж

«Бала құқығы-адам
құқығы» атты айлық
өткізу туралы

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2021 ж 14.10. № 3-15-6/4067 – и хатына және Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 21 қазандағы № 31-01-04 / 4304 хатына, Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің № 42 н/қ 21.10.2021 жылғы бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

- 1.2021 жылғы 20 қазан-20қараша аралығында 20 қараша-Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Бала-құқығы-адам құқығы» атты республикалық айлық өткізілсін.
- 2.Халықаралық балаларды қорғау күніне орай өткізілетін айлықтың іс- шаралар жоспарын жасап бекіттіру тәрбие ісі жөніндегі орынбасар С.Жаппаровқа жүктелсін.
- 3.Айлықтың іс-шара жоспарындағы тиісті тармақтарға сәйкес жұмысты ұйымдастыру және қорытынды мәліметні «Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі»не беру С.Жаппаровқа жүктелсін.
- 4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мен басшылыққа алу Д.Т.І.Ж. орынбасары С.Жаппаровқа жүктелсін.



Мектеп директоры:

М.Изатуллаева



Кіші
Мектеп
Мұдирі
С.Жаппаров

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында дүниежүзілік балаларды қорғау күніне арналған айлық іс-шаралар жоспары.

Іс-шаралар атауы	Өтілу әдісі	Мерзімі	Жауаптылар
20 қараша Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы адам құқығы» тақырыбында іс-шара жоспарын жасап бекіту.	жоспар	20.10.2021ж.	С.Жаппаров Д.Жунашов
Дүниежүзілік балалар күнін дайындау және мерекелеу барысы туралы әлеуметтік желілерінде жариялау.	Facebook	20-22 қазан	Д.Жунашов С.Курбанбаева Н.Матенова
«Бақытты бала – бақытты ана-бақытты отбасы, бақытты ел» тақырыбында балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпараттандыру мақсатында көп балалы ата-аналармен қашықтық режимдерін сақтай отырып, кездесулер ұйымдастыру.	Ата-аналармен қашықтық режимдерін сақтай отырып, байланыс орнату.	02.11.2021ж.	Д.Жунашов Г.Даданов А.Асетов сынып жетекшілер
«Бала құқығы туралы конвенция»	баяндама	25-27.10.2021ж.	Сынып жетекшілері
«Адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталады.» 5-10 сыныптар.	Тәрбие сағат	25.10.-02.11.2021ж.	Сынып жетекшілер
«Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» - Республикалық акциясы;	акция	Айлық барысында	А.Асетов Г.Даданов
«Түнгі қаладағы балалар» - учаскелік полиция инспекторлары мен түнгі және күндізгі рейд жұмыстарын ұйымдастыру	рейд	қараша	С.Жаппаров Д.Жунашов Мобильды топ
Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Бала құқығы – адам құқығы» тақырыбында балалардың құқықтарын құрметтеуге шақыруға арналған facebook, Instagram әлеуметтік желілерге жариялау.	facebook	Айлық барысында	Д.Жунашов С.Курманбаева Н.Матенова
Іс-шараны қортындылау, мәлімет дайындау.	мәлімет	19.11.2021ж.	С.Жаппаров Д.Жунашов

Дайындаған: С.Жаппаров.

Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту орталығы

Қос-қорған жалпы орта мектебі

Баяндама

Тақырыбы: Бала құқығы – адам құқығы

Орындаған: Абдукаримов Султанмурат

2021-2022 жыл

Тақырыбы: Бала құқығы – адам құқығы

Қоғам үшін ең бастысы - тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі - заңдылық. Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық - адам бостандығы. «Адам құқығы, бала құқығын қорғаудан басталады»

Міне, адамның шыр етіп жерге түскен минутынан бастап, оны өмірін, денсаулығын, тыныштығын қорғап отырған заң бар.

Балалар, ересектер сияқты, негіз қалаушы: сыйлау, қол тигізбеу және адамзаттық абыройын сақтау құқықтарына ие, сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясы мен Азаматтық және саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пактіде көзделген заң тарапынан да тең қорғау көрсетілуіне құқылы.

Қазақстанның қолдануында іс-әрекеттер жасаудың белгілі құқықтық негізі - Балалар құқықтары туралы Конвенция бар, дегенмен, нақты міндеттемелерге келер болсақ, жалпы алғанда мемлекет, әлеуметтік қызметтер, құқық қорғау органдарының ресми тұлғалары, қоғам, БАҚ, отбасы тарапынан күннен-күнге тиісті жауапкершілікпен қарауы байқалмай келеді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексіне сәйкес кәмелетке толмаған баланы ата-анасының немесе осы міндет жүктелген басқа адам, сонымен қатар педагог немесе оқыту, тәрбиелеу, емдеу не кәмелетке толмаған баланы қадағалау міндеттелген басқа да мекеменің қызметкері тәрбиелеу жөніндегі міндеттерін атқармағаны немесе жөнді атқармағандығы үшін шара қолдануды қамтиды.

Еліміз бойынша соңғы жылдары сот шешімімен балаларын бағып-қағу міндеттерін орындамаған үшін, саны мыңнан асқан ата-ана ата-аналар құқығынан айрылды, сонымен қатар, ата-аналар әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа да тартылып жатыр.

Балаларға, әсіресе кішкентай балаларға зорлық-зомбылықтың үй, отбасы ішінде көрсетілуі көзге түсе қоймағандықтан, көп жағдайда мойындалмайды. Соңғы жылдары БАҚ-та балаларға қауіп-қатер сыртта жүргенде бөгде адамдар тарапынан төнеді деген жалған пікір қалыптастыру үрдісі байқалуда.

Адам құқықтары жөніндегі қазіргі бар құқықтық құжаттар негізгі мәні балалық проблемасы болып табылатын, осы проблемаларға қатысты тақылануы мүмкін өзінің жиынтығында үлкендер қалай қорғалса, балаларды да солай қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған. Мектеп

арасындағы балалар объектісі болатын дене жарақаттары мен басқа да адамгершілікке жат және қадір-қасиетін қорлайтын қарым-қатынас ұзақ мұқият сақталып келеді және белгілі бір шыдамды қоғамда осы күнге дейін сақталып келеді, олай болса, БҰҰ Баланың құқықтары жөніндегі комитеті, өзін айтқанда, «балалар мектеп табалдырығын аттай отырып, өздерінің адамдық құқықтарын жоғалтпайды» деп атап көрсетті.

Сондай-ақ зорлық-зомбылық, дәлірек айтқанда, зорлық-зомбылықтың әр түрлі түрлері мұғалім/оқушыларға қатысты оқу орнына, білім деңгейіне және т.б. тән, мектепте қандай да бір ерекше феномен ретінде қадағаланбайтындығын атап өткен жөн, ол қоршаған жағдайларға, атап айтқанда, экономикалық, әлеуметтік, саяси факторларға, отбасындағы жағдайға байланысты болмай отыр, зорлық-зомбылықтың (оның әр түрлі нысандарының) пайда болуы ретінде де, оны ескерту ретінде де жәрдемдесуі мүмкін. Сондықтан зорлықтың түрлі нысандарының пайда болу себептері туралы мәселеге мектептің ерекше түпмәтіні ретінде қарауға болмайды, өйткені керісінше оны талдау үшін интербелсенді, жүйелі көзқарас қажет. Мектеп арасындағы шеңберден тыс зорлық-зомбылық проблематикасын қоршаған кезде мектеп тыйым салған мектепте жүзеге асырылатын алдын алу немесе қуғын-сүргін шаралары шығады деп түсінуді білдіреді және мұның зорлықты тудыратын экономикалық, әлеуметтік, отбасылық және мәдени проблемалардың түпмәтінінен толық үзіп алынуына қарай болмашы ғана қатысушылықты білдіруі мүмкін.

Мемлекет қызметі мен отбасыларды мемлекеттік қолдау бала отбасында және одан тыс тап болатын зорлық көру қаупін мұқият және жан-жақты бағалау негізінде жүзеге асырылуға тиіс.

Мемнің ойымша білім беру органдары, атап айтқанда, орта білім беру органдарының әкімшіліктері тиісті дәрежеде оқушылардың дене жарақатымен келуін, оқушылардың мектептерге келмеуін, олардың үлгерімінің төменділігін анықтамайды, әлеуметтік тәуекел отбасыларындағы оқушылармен алдын алу және ағартушылық жұмыс жүргізеді, ішкі істер органдарымен, прокуратурамен, халықты әлеуметтік қорғау органдарымен бірге таңда балаларды зорлық-зомбылықтан арылтуға қоян-қолтық өзара іс-қимылы жасауда.

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде
«Бала құқығы – адам құқығы»
тақырыбында дүниежүзілік балаларды
қорғау күніне арналған айлық іс-шара
шеңберінде атқарылған жұмыстар.

Анықтамасы

Мектебімізде қазан айының 20-ші, қараша айының 20 аралығында, «Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» ММ-нің 21.10.2021 ж. № 42 н/қ бұйрығы негізінде «*Бала құқығы – адам құқығы*» тақырыбында дүниежүзілік балаларды қорғау күніне арналған онкүндігі аясында іс-шаралар өткізілді.

Айлық іс-шаралар жоспары жасап бекітілді. Іс-шаралар барысында Сыныптарда «*Адам құқығы бала құқығын қорғаудан басталады*» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Оқушыларға С.Абдукаримов және Ж.Мирзахановтардың ұйымдастыруымен, қашықтық режимін сақтай отырып, «*Қылмыстың өтеуі – жаза!*» тақырыбында бейне роликтер көрсетілді. «*Бақытты бала – бақытты ата – ана – бақытты отбасы*» тақырыбында балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ақпараттандыру мақсатында көп балалы ата-аналармен кездесу ұйымдастыру.

«*Адам құқығын кім және қалай қорғайды*» тақырыбында тәрбие сағат Ми.Иурметова, Г.Асетова, Э. Қурбанбаев «*Заң және жасөспірім*», «*Бала құқығы туралы конвенция*» тақырыптарында баяндамалар оқыды.

Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «*Бала құқығы – адам құқығы*» тақырыбында балалардың құқықтарын құрметтеуге шақыруға арналған facebook, Instagram әлеуметтік желілерге жарияланды.

Атқарылған іс-шаралар қорытылып, белсенділік танытқан мұғалімдер мен оқушылар мектеп әкімшілігі тарапынан аталып өтілді.

Хаттама №1

«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде қыркүйек айында 8-9-10-11 сыныптар арасында «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында оқушылар арасында жиналыс өтілді.

Қатысқаны – 102

Қатысқан қонақтар:

1. Ата-аналар комитетінің төрағасы А.Байпақова
2. Оранғай ауыл әкімшілігінің өкілі Н.Шарипов
4. Оранғай ауылдық учаскелік инспекторы, қатардағы полиция Бағдат Абдугани .

Күн тәртібінде :

1. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу . Баяндамашы Басанов Аъзамжан
2. Ағымдағы мәселелер .

Алғашқы сөзді мектеп директоры М.Изатуллаева алып, ата-аналар мен оқушыларға келген қонақты таныстырудан бастады. Кездесудің негізгі мақсаты: қазіргі таңда жасөспірімдер мен балалар арасында құқық бұзушылықтың көбейіп бара жатқандығынан екендігі айтылып өтілді. Мұхтар Әуезов «Ел болам десең бесігіңді түзе» деген екен. Ал біздің дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуды көксеген еліміздің бүгінгі бесігі қалай тербелуде? Әрине оны кесіп-пішіп айту қиын. Десе де, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың азаймай тұрғандығы ғана сол бесіктің ырғағынан жаңыла бастағанынан хабар беретін тәрізді. Бұл бағыттағы ресми мәліметтерге сүйенсек, ұрлық, қарақшылық, тонау фактілерін айтпағанда, жасөспірімдердің қатысуымен болатын қылмыстық оқиғалардың 84-тен 95 пайызға жеткенінің өзі ұрпақ тәрбиесінің уыстан сусып шығып бара жатқандығын аңғартатын тәрізді» –дей келе , «бұндай келеңсіз жағдайлар өзіміздің қара шаңырағымызда орын алмай жатқанын және де ата-аналар мен мектеп арасындағы қарым-қатынас күшейген сайын, біздің атқарып жатқан жұмыстарымыз жақсара түсуіне мен сенімдімін»- деп мектеп басшысы М.Изатуллаева өз сөзін аяқтады.

Оранғай ауылдық әкімшілігінің уәкілі Шарипов Нұрлан өз сөзінде еліміздің дамуына үлес қосатын білімді де мәдениетті, парасатты азамат тәрбиелеп шығару ұстаздардың негізгі міндеті болып саналады. Осы орайда Қазақстан Президенті Қ.К.Тоқаевтің «Жаңа заманның жаңа адамын тәрбиелейтін сіздер. Ендеше өздеріңізде көп оқыңыздар, ізденістен, ілгерілеуден жалықпаңыздар.

Ең бастысы рухани тоқыраудан сақтаныңыздар. Өйткені елдің ертеңгі тірегі –жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс »-деген сөздерін жадымыздан шығармауымыз керек. Сондықтан да оқушының жеке

тұлғасын дамыту бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып тұр. Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін не істеу керек? Ол үшін аянбай еңбек ету, іздену жаңашыл үрдістерге көңіл бөліп, бала бойындағы жақсы қасиеттерді тани білуіміз керек. Тұлға қалыптасуы кезең-кезеңімен жүреді деп айтсақ қателеспейміз. Тұлға негізі ең алдымен отбасында қаланады. Сондықтан балаға ата-ана тарапынан көп қадағалаулар болуы керек.

Оранғай ауылдық округінің участкелік инспекторы Бағдат Абдуғани сөз алып, «Бала тәрбиесі баршаға ортақ. Ең бірінші тәрбиешісі отбасы, ата-анасы. Тәрбие отбасы ошақ қасынан басталады десек, әсіресе, қазіргідей заманда саналы ұрпақ тәрбиелеу баршамыздың ортақ ісіміз болуы шарт. Тәрбие мәселесі қай кездеде оңай болмағанын ойласақ, қазіргі кезде бұған екі үш есе жауапкершілік қажет»-деп атап өте отырып «Ата-анасын алдап мектепке кеттім»- деп қылмыс жасау, ұрлық жасау, бір-бірін қорқытып тонау жайында көптеген мысалдар келтірілді. Оқушыларымыздың жаман әдеттерден аулақ болуын, мұндай жағдай болған жағдайда жауапкершілікке тартылатынын ескертті.

Мектеп директорының тәрбие істері бойынша орынбасары С.Жаппаров сөз алып, барлығымыз жұмылып тәрбие мәселесіне қатты көңіл аударуымыз керек. Бос уақыттарында әртүрлі үйірмелерге қатысып, спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын қалыптастыруына жағдай жасағанымыз дұрыс. Сондықтан, ата-ана бала тәрбиесін мектепке жүктемей, өздері де айрықша көңіл бөліп отыруы тиіс. Осы тұста дана қазақ «Тәрбие басы-тал бесік» деп қате айтпағаны бесенеден белгілі. Бір рет қылмысқа барған баланың болашағы не болмақ? «Не ексең, соны орасың»-деген сөздің мағынасын кеш болмай ұғынғанымыз дұрыс. Тәрбие бар жерде қылмыс та аз болмақ. Ендеше, барлығымыз қылмыс пен бірге күресейік!» - деп өз ойын білдірді.

Ата-аналар комитетінің төрайымы А.Байпақова сөз алып білім мен тәрбие егіз ұғым. Жақсы тәрбие жүйесі болмай балаларға сапалы білім беру мүмкін емес. Сондай-ақ білімді, білікті мамандарсыз тәрбие жүйесінің өз деңгейінде болуы қиын. Дана бабамыз Әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиіс, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген сөз қазір қай кездегіден де үлкен маңызға ие. Бала тәрбиесі өзіндік ерекшеліктері мол күрделі процесс. Елімізде білім берудің әлемдік стандарттарға сай келетін жүйесі қалыптасқан. Қазақстан-қазақ ұлтының салт-дәстүрі, тарихи танымдар тәрбие жүйесінде қолданылатын жер жүзіндегі бір ғана мемлекет. Сондықтан да болашақ ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, тәрбиелеуіміз қажет. Еліміздің дамуына үлес қосатын білімді де мәдениетті, парасатты азамат тәрбиелеп шығару ұстаздардың негізгі міндеті болып саналатынын айтып өтті.

Қаулы:

1. «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбына жасалған ұйымдастырушы педагогы А.Басановтың баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Ата-аналар мен ұстаздар арасындағы қарым-қатынас күшейтілсін, бала тәрбиесі және құқық бұзушылықты болдырмау жұмыстары жандандырылсын.

Жиналыс төрағасы :

М.Изатуллаева.

Хатшысы : *Н. Нарзулла*

Х.Нарзулла



Хаттама

«Қос Қорған» жалпы орта мектебінде қараша айының 17-сі күні 8-9-сынып оқушылары арасында, Сауран ауданы бойынша этносаралық татулықты нығайту мақсатында аралас мектептерде ақпараттық-насихаттық тобының кездесу жиналысы өтті.

Қатысқаны: 93

Қатысқан қонақтар:

1. Түркістан облысы қоғамдық даму бағдарламасы «Қоғамдық келісім» КММ, Сауран аудандық филиалының басшысы - Ә.Исахан.
2. Сауран ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің бас маманы - М.Құлымбетов.
3. Жастар ресурстық орталығының инспекторы - Н.Мырзақұлов.

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасында этносаралық татулықты нығайту мақсатында ақпараттық-насихаттау.
2. Жасөспірімдер және оқушылар арасында құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу мәселелері.

Тыңдалды:

Алғашқы сөзді мектеп директорының тәрбие істері бойынша орынбасары - С.Жаппаров алып, оқушыларға келген қонақты таныстырудан бастады. Түркістан облысы қоғамдық даму бағдарламасы «Қоғамдық келісім» КММ, Сауран аудандық филиалының басшысы Әжіхан Исаханға сөз кезегі берілді. Кездесудің негізгі мақсаты: қазіргі таңда жасөспірімдер мен балалар арасында этносаралық татулықты нығайту, құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу екендігі айтылып өтілді. Мұхтар Әуезов «Ел болам десең бесігіңді түзе» деген екен. Ал біздің дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуды көксеген еліміздің бүгінгі бесігі қалай тербелуде? Әрине оны кесіп-пішіп айту қиын. Десе де, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың азаймай тұрғандығы ғана сол бесіктің ырғағынан жаңыла бастағанынан хабар беретін тәрізді. Бұл бағыттағы ресми мәліметтерге сүйенсек, ұрлық, қарақшылық, жасөспірімдер арасындағы әлімжеттілік факттері, тонау фактілерін айтпағанда, жасөспірімдердің қатысуымен болатын қылмыстық оқиғалардың 84-тен 95 пайызға жеткенінің өзі ұрпақ тәрбиесінің уыстан сусып шығып бара жатқандығын аңғартатын тәрізді» –дей келе, «бұндай келеңсіз жағдайлар өзіміздің қара

шаңырағымызда орын алмай жатқанын және де ата-аналар мен мектеп арасындағы қарым-қатынас күшейген сайын, біздің атқарып жатқан жұмыстарымыз жақсара түсуіне мен сенімдімін».

Еліміздің дамуына үлес қосатын білімді де мәдениетті, парасатты азамат болып тәрбиеленіп шығу оқушылардың негізгі міндеті болып саналады. Осы орайда жаңа заманның жаңа адамы - сіздер. Ендеше өздеріңізде көп оқыңыздар, ізденістен, ілгерілеуден жалықпаңыздар.

Ең бастысы рухани тоқыраудан сақтаныңыздар. Өйткені елдің ертеңгі тірегі –жастар. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс - деген сөздерін жадымыздан шығармауымыз керек. Сондықтан да, оқушының жеке тұлғасын дамыту бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып тұр. Жеке тұлғаны қалыптастыру үшін не істеу керек? Ол үшін аянбай еңбек ету, іздену, жаңашыл үрдістерге көңіл бөліп, бала бойындағы жақсы қасиеттерді тани білуіміз керек. Тұлға қалыптасуы кезең-кезеңімен жүреді деп айтсақ қателеспейміз. Тұлға негізі ең алдымен отбасында қаланады. Сондықтан, балаға ата-ана тарапынан көп қадағалаулар болуы керек.

«Бала тәрбиесі баршаға ортақ. Ең бірінші тәрбиешісі отбасы, ата-анасы. Тәрбие отбасы ошақ қасынан басталады десек, әсіресе, қазіргідей заманда саналы ұрпақ тәрбиелеу баршамыздың ортақ ісіміз болуы шарт. Тәрбие мәселесі қай кездеде оңай болмағанын ойласақ, қазіргі кезде бұған екі үш есе жауапкершілік қажет»-деп атап өте отырып «Ата-анасын алдап мектепке кеттім»- деп қылмыс жасау, ұрлық жасау, бір-бірін қорқытып тонау жайында көптеген мысалдар келтірілді. Оқушыларымыздың жаман әдеттерден аулақ болуын, мұндай жағдай болған жағдайда тез арада жауапты мұғалімдер, сынып жетекшілерге, ата-анасына хабар берулері керек екенін айтып түсіндірді. Ондай жағдайларды дер кезінде хабарламаған жағдайда жауапкершілікке тартылатынын ескертті. Ұялы телефондағы түрлі рұқсат етілмеген сайттарға кіруге. Әр түрлі жағымсыз, өтірік деректерді тарату т. б. әрекеттір де қылмыс болып табылатындығын айтып түсіндірді.

Сауран ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің бас маманы М.Құлымбетов сөз алып, барлығымыз жұмылып тәрбие мәселесіне қатты көңіл аударуымыз керек. Бос уақыттарында әртүрлі үйірмелерге қатысып, спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын қалыптастыруына жағдай жасағанымыз дұрыс. Сондықтан, ата-ана бала тәрбиесін мектепке жүктемей, өздері де айрықша көңіл бөліп отыруы тиіс. Осы тұста дана қазақ «Тәрбие басы-тал бесік» деп қате айтпағаны бесенеден белгілі. Бір рет қылмысқа барған баланың болашағы не болмақ? «Не ексең, соны орасың»-деген сөздің мағынасын кеш болмай ұғынғанымыз дұрыс. Тәрбие бар жерде қылмыс та аз

болмақ. Ендеше, барлығымыз қылмыс пен бірге күресейік!» - деп өз ойын білдірді.

Жастар ресурстық орталығының инспекторы Н.Мырзақұлов сөз алып, білім мен тәрбие егіз ұғым. Жақсы тәрбие жүйесі болмай балаларға сапалы білім беру мүмкін емес. Сондай-ақ білімді, білікті мамандарсыз тәрбие жүйесінің өз деңгейінде болуы қиын. Дана бабамыз Әл-Фарабидің «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі тиіс, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген сөз қазір қай кездегіден де үлкен маңызға ие. Бала тәрбиесі өзіндік ерекшеліктері мол күрделі процесс. Елімізде білім берудің әлемдік стандарттарға сай келетін жүйесі қалыптасқан. Қазақстан-қазақ ұлтының салт-дәстүрі, тарихи танымдар тәрбие жүйесінде қолданылатын жер жүзіндегі бір ғана мемлекет. Сондықтан да болашақ ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды сақтай отырып, тәрбиелеуіміз қажет. Еліміздің дамуына үлес қосатын білімді де мәдениетті, парасатты азамат болып тәрбиеленіп шығу, әр бір баланың негізгі міндеті болып саналатынын айтып өтті.


Қаулы:

1. «Жасөспірімдер арасында этносаралық татулық және құқық бұзушылықтың алдын-алу» тақырыбына жасалған ұйымдастырылған кездесу қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жасөспірімдер мен оқушылар арасындағы этносаралық татулықты нығайту және құқық бұзушылықты болдырмау және алдын алу жұмыстары үнемі назарда ұсталсын.

Жиналыс төрағасы :

 М.Изатуллаева.

Хатшысы :

 Х.Нарзулла



«Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде сынып жетекшілердің отбасымен педагогикалық қолдау көрсеткендігі, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар

А Н Ы Қ Т А М А С Ы

Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты «Қос-Қорған» жалпы орта мектебінде сынып жетекшілердің отбасымен педагогикалық қолдау көрсеткендігі, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша сынып жетекшілердің ата-аналар мен қарым-қатынасы деңгейін, ұйымдастыру шеберлігінің деңгейін айқындау мақсатында І жарты жылдықта атқарылған жұмыстары тексерілді. Қылмыс пен құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу жұмыстары бойынша іс-шара жоспары жасалып, мектеп әкімшілігі отырысында қаралып бекітілді. Оқушылардың құқықтық білімдерін жетілдіру мақсатында аптаның әр жұма күндері сыныптарда құқықтық оқту бағдарламасы жүйелі түрде өткізіліп отырылады. Жоғарыда аталған іс-шара жоспары негізінде мектеп психологтары Ғ. Дадановпен мен Р. Алиханова суицидке байланысты және тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты ақпараттар туралы ата-аналармен байланыс жасап түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Директордың тәрбие ісі жөнінің орынбасары С. Жаппаров, Н. Асетова құқықбұзушылықты болдырмау және оның алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен және ата-аналар комитетінің төрағасы С. Курбанбаевтың қатысуымен кезектен тыс сынып жетекшілер жиналысы болып өтті.

Жиналыс барысында сынып жетекшілерге ата-аналармен тығыз қарым-қатынас жасап, оқушылардың кәмелеттік жасқа толмаған оқушыларға түнгі уақытта көшеде жалғыз жүрмеуге, қосымша ақылы жұмыстарға шығуға болмайтындығы жайында ескертілді. Сонымен қатар оқушылардың қажеттілігі жайында ата-аналарға тағы да қосымша жұмыстар жүргізу қажеттігін сөз етті. Қазіргі таңда мектебімізде сенім телефоны жұмыс жасап жақтқандығы жайында да тілге тиек етті. Мектебіміздің медбикесі Г. Абдулхамидова ерте жүктіліктің адам өміріне қауіптілігі мен зияндылығы жайында оқушы қыздарға баяндама жасады. Мектептің педагог – психологтары Ғ. Даданов, Р. Алихановалар тәуекел тобына алынған және қолайсыз отбасындағы балалардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепшілік мобілді топ құрылған. Мобілді топ бекітілген жоспар аясында күндізгі және түнгі уақытта оқушылардың көшеде жүруін қатаң қадағалап. Рейд жұмыстарын уақтылы ұйымдастырып отырады. Құқықтық тәрбие бойынша сыныптарда тәбие сағаттары және құзырлы органдар уәкілдерімен үнемі кездесулер ұйымдастырылады.

Түсіндірме жұмыстарын жүргізу барысында «Әкелер мектебі» мен «Әжелер алқасы» мүшесімен бірлесіп отырып атқарылды.

2021-2022 оқу жылы барысында оқушылар арасында аудандық және мектепшілік тіркеуде тіркелген оқушы жоқ.

Ұсыныс:

1. Мектеп оқушылары арасында құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу үшін ата-аналармен мектеп арасында тығыз байланыс орнатылсын.

2. оқушыларға және ата-аналарға құқықтық түсіндіру жұмысы, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, құқықтық оқудың кешенді бағдарламасын орындау мақсатында, апталық құқықтық оқулар, сынып сағаттарының жүргізілуі жандандырылсын.

3. Бала денсаулығын сақтау, тосын жағдайлардың алдын алу мақсатында сынып жетекшілер мен ата-аналар тығыз қарым-қатынаста болсын.

4. Оқушылардың сабаққа толық қатысуын, мектепке мектеп формасында келуін қамтамасыз ету ата-аналардан талап етілсін, оны бақылау және қадағалау сынып жетекшілерге тапсырылсын.

Дайындаған: С.Жаппаров

